



IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП
«Сырдария» университеті ЖШС**

**6B01403 - «КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ СЫЗУ МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЯРЛАУ» / 5B010700 - «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ СЫЗУ» /
5B012000 - «КӘСІПТІК ОҚЫТУ»**

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ АККРЕДИТТЕУ

Нур-Султан 2020

ЭКСПЕРТТІК ТОП



Коржумбаева Марал Беркеловна

Топ жетекшісі

“Болашақ” академиясының “Педагогика және психология” кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.



Джаскиленова Айнур Ермековна

Сарапшы

Тараз аумақтық университетінің «Художественная графика және дизайн» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к, доцент.



Абилкаламова Камила Кайратовна

Сарапшы

Алматы технологиялық университеті, «Дизайн» кафедрасы, доктор PhD



Ибраева Камарсулу Ершатовна

Сарапшы

Профессор м.а., п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет



Абдирашова Роза

Жұмыс берушілер өкілі

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі «Дизайн және өнер» кафедрасының меңгерушісі



Әбітай Маржан Сәкенқызы

Студенттер өкілі

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, “Дизайн” мамандығы 4 курс студенті

Сарапшылар тобының есебі IQAA-дың зияткерлік меншігі болып табылады. Кез келген ақпаратты пайдалану IQAA-ға сілтеме болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

Әр стандарт бойынша 6B01403 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау/5B010700 Бейнелеу өнері және сызу/5B012000 Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігі

Стандарттар	Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Ішкіара сәйкестік	Сәйкес келмейді
<i>Стандарт 1</i> Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаның қамтамасыз ету саласындағы саясат	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорлық – оқытушылық құрам		+		
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау		+		
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты ақпараттандыру		+		

Мазмұны

1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Кіріспе..... 5

ЖОО-ның негізгі сипаттамасы..... 6

2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ

ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік

Кіріспе..... 7

Стандарт 1

Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапанын қамтамасыз ет
саласындағы саясат..... 9

Стандарт 2

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды
басқару..... 12

Стандарт 3

Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау..... 14

Стандарт 4

Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау..... 17

Стандарт 5

Профессорлық – оқытушылық құрам 19

Стандарт 6

Оқу ресурстары және студенттерді қолдау 21

Стандарт 7

Жұртшылықты ақпараттандыру..... 23

3 ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ..... 25

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1

Сыртқы бағалаудың бағдарламасы 27

Қосымша 2

Сұхбатқа қатысқандардың тізімі 29

Қосымша 3

ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар..... 32

1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Kipicne

Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылдың 12-13 қазан аралығында өтті.

Сыртқы аудит (IQAA) жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.

ЖОО-ның негізгі сипаттамалары

«Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және нақты мекен-жайы

160500 Қазақстан Республикасы,

Жетісай қ., К. М. Әуезов, 14.

Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27

Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08

Электрондық пошта: info@sirdariya.kz, sirdariya@gmail.com.

2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Кіріспе

Мамандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберіндегі рәсімдері сарапшылар тобының қатысуымен сыртқы сапары «Сырдария» университетінде 2020 жылғы 12-13 қазанда өтті.

Сыртқы аудит IQAA жасаған бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар: сапар бағдарламасы, 3 тілде мамандандырылған аккредиттеу туралы есеп, сыртқы бағалауды ұйымдастыруға және өткізуге арналған нұсқаулық, сұхбаттасуға қатысушылар тізімі, тәжірибе базаларының тізімі және басқа құжаттар сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымында жұмыс басталар алдында ұсынылды, ол сыртқы бағалау процедурасына уақытында дайындалуға мүмкіндік берді.

Аккредиттелген бағдарламалар бойынша университеттің өзін-өзі бағалау есебінде мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған ақпараттың жеткілікті мөлшері бар, күшті және әлсіз жақтары анықталған, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталған. Материалдық-техникалық базада оқу, оқу және ғылыми процестерді ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс жасау үшін визуалды тексеру жүргізілді.

Сарапшылар құрылымдық бөлімшелерді, оқу-зертханалық кешендерді, кафедралар мен факультеттерін, тәжірибе базаларын, кітапханаларды және оқу процесін қамтамасыз ететін басқа қызметтерді қарастырды. Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар білім беру бағдарламаларының құжаттамасын зерделеді, құжат айналымы, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы толығырақ білім алу мақсатында сабақтарға қатысты.

ҚР Білім беру министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы өткізген Ұлттық рейтингінде 2020 жылы «Сырдария» университеті көпсалалы ЖОО-лар арасында 17-орынға, 2019 жылы 16-орынға ие болды. Ал, электрондық кітапхана ресурстары бойынша "Сырдария" университеті Қазақстан Республикасы ЖОО арасындағы үздік ондықтың төртінші сатысында тұрғанын дәлелдеді.

"Сырдария" университеті оңтүстік аймағындағы басты оқу, ғылыми-әдістемелік және мәдени орталықтардың қатарына енеді екен. Университет оқытудың жаңа технологияларын қолданысқа енгізіп және ғылыми зерттеулердің базасын ұлғайта отырып, сапалы білім беруді іске асыруда. Университет түлектері еңбек нарығында бәсекелестікке түсе отырып, Қазақстанның білім жүйесінің кез келген шегінде алдыңғы қатарда қызмет етуде. Оқу орнының қалыптасу және даму тарихы 22 жылды қамтылғанын

көрдiк. 2015-2016 оқу жылында университет Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агентігі мен Аккредиттеу және рейтингтің Тәуелсіз агентігінен институционалды аккредиттеуден сәтті өткені туралы сертификаттарды көрдiк.

Университет 2018-2019 оқу жылы ресертификациядан өтті. ХС ИСО9001:2015 стандарты сәйкестігі туралы жаңа № КҮ-6144/10-R16 және IQNET № TR-КҮ-6144/10-R15 сертификаттарына ие болды.

2015 жылы 5B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы халықаралық аккредитациядан өткен (Сертификат № АВ1088, № АВ1090 НААР агенттігі 05.12.2016. Жарамды мерзімі: 04.12.2019 ж.) . "Сырдария" университеті жетістіктерінің негізгі критерийі білім беру бағдарламасын аккредиттеу және рейтинглеу болып табылады. Сондықтан университеттің барлық бакалавриат бағдарламалары, соның ішінде 6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының аккредиттеуден өткізу міндеті тұрғанын айтылды.

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша дайындық 2011 жылдан бастап жүргізіледі. Білім беру бағдарламасы бойынша Лицензия (сериясы (АБ №0137474, 28.09.2010ж.) (Қосымша 1).

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» бакалавриатының білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өтуге өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер жинақталып, нақты талдау жүргізілді, IQAA-дың жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауы негізінде ұйымдастырылды және жүйелі, нақты, шынайы мәліметтер жинақталып дайындалған. 6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр мынадай кәсіби қызмет түрлерін игеретіндігін толық ашып жазылған. Сарапшылармен білім беру бағдарламасының мамандырылған аккредиттеу стандарттарының критерияларына сәйкестік дәйектемелері мен талдауы беріледі. Есепте өзін-өзі бағалау есебіне параллель жіргізілуі қажет екендігі және талдау - білім беру бағдарламасының мамандырылған аккредиттеу критерийларына, сауалнама нәтижелері мен студенттермен, ПОҚ-пен аудит барысында сұхбаттасу кезінде алынған мәліметтерге сүйене отырып жасалынды.

СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Дәлелдемелер және талдау

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасының мақсаты «Сырдария» университеті даму стратегиясына сәйкес келеді. БББ сапасын қамтамасыз ету саясаты студенттардың талабы мен сұраныстарын және БББ сұранымды бағалау нәтижесіне, жұмыс берушілердің мүддесі мен еңбек нарығының талабына сай қалыптастырылған дәлелдемелері көрсетілді.

Кафедрада аталған мақсаттарды орындауға қажетті ресурстармен толық қамтамасыз етілген. Бұл алға қойылған мақсаттар орындалынады және перспективалық ұзақ мерзімдік сипатқа ие болады деген сенімдеміз.

Олар шынайы маңыздылыққа ие және университеттің 2020 жылға дейін даму Стратегиясына сәйкес келеді (Қосымша 2).

2020-2025 жылдарға арналған университеттің стратегиялық даму жоспары Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілді (№8 хаттама, 26 ақпан 2020 жыл), (<http://old.sirdariya.kz/doc/strateg-2025>). 2019 жылы білім беру жүйесіндегі өзгерістерге, ЖОО-ның автономиясына, ЖОО-ның интернационалдандыру саясатына байланысты, университеттің 3 миссиясы жарияланды деп жазылған. Ол – білім берудегі үздік тәжірибе негізінде адами капиталдың сапасын арттыру, ал стратегиялық мақсаты – жаңа форматтағы білім және ғылыми хабқа айналу. Университеттің жаңа миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін әзірлеу үшін 2019 жылы жұмыс тобы құрылды, оның құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары, оқытушылар мен студенттер енгізілгенін көрдік.

Миссияны, мақсаттар мен міндеттерді әзірлеуге университет оқытушылары, студенттері, қызметкерлері, студенттік өзін-өзі басқару органдарының мүшелері белсенді қатысты. Сонымен қатар, бұл үдеріске әлеуетті жұмыс берушілер қатысып, «Сырдария» университеті түлегі құзыреттіліктеріне өз тілектерін білдірді, жалпы мақтаулар көп айтылды. Миссия, стратегиялық мақсаттар мен міндеттер университет сайтында орналастырылған (<http://www.sirdariya.kz>).

БББ бойынша студенттерді оқыту ҚР нормативтік-заңнамалық актілеріне, мемлекеттік білім беру стандарт талаптарына, ҚР Білім және ғылым Министрлігінің нормативтік-реттеуші құжаттарына, оның ішінде ҚР "Білім туралы", "Жастар саясаты туралы", "Ғылым туралы" заңдарына, Жоғары оқу орындары қызметінің ұйымдастырудың үлгі ережесі, Жоғары оқу орындарына

кабылдау туралы үлгі ережесі, кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы, Білім және ғылым Министрінің 12 қазан 2018 жылғы №563 бұйрығы; стратегиялық құжаттар, соның ішінде 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың ҚР Мемлекеттік бағдарламасы, 2020-2025 жылдарға арналған университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылып жатқанын көрдік.

Университет стратегиялық жоспарын жүзеге асыру үшін жоғары басшылық университеттің ұйымдастыру құрылымын инновациялық типтегі бірқатар міндеттер кешенін шешуге бағыттау үшін, университеттің құрылымы оңтайландырылды, құрылымдық бөлімдер ережелері мен барлық деңгейдегі қызметкерлердің қызметтік нұсқаулары дайындалған (Қосымша 3). Университет миссиясы: Білім беру, ғылым мен инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес жаңашыл мамандар даярлау. ЖОО басшылығы сапа саясатын барлық мүдделі тараптарға жеткізеді, оның маңызын түсіндіреді, олардың жарамдылығы мен өзектілігі тұрғысынан саясат пен мақсаттарға жүйелі түрде талдау жүргізеді, ресурстармен қамтамасыз етеді, нәтижелілікті арттырады және сапа менеджменті жүйесін жақсарту керек.

Саясат университеттің барлық бөлімшелеріне таратылып, университет сайтында орналастырылғанын көрдік. (<http://www.sirdariya.kz>).

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы академиялық топтардың білім беру бағдарламасына қатысты ерекшеліктерін негізге ала отырып, университет миссиясына, бағдарламаның әлеуетті тұтынушыларының сұраныстарына сәйкес құрылғанына көзіміз жетті.

Сапа саласындағы саясат екі тілде тұжырымдалған, бұл оны түсінуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, 6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу»/5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының мақсаты білім беру ұйымдарының – мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің, аймақ колледждерінің, сондай-ақ тігін шеберханалары, пікірін ескере отырып қалыптасады. Өзінің педагогикалық іс-әрекетті, мектеп, лицей, гимназия, оқу өндірістік комбинаттар (бірлестіктер) мектептен тыс мекемелерде еңбек технологиясы мен кәсіпке оқытуда оқушыларды тәрбиелеу және кәсіпке даярлау, кәсіби біліктілік деңгейін көтеруге және жетілдіруге байланысты тұлғалық қасиеттерінің қалыптасқандығын анықтайтын пәндік, педагогикалық әдістемелік білім, білік, дағдылар жүйесін меңгеруі; оқыту бейімділігіне байланысты білім беру процесін жобалай және ұйымдастыра

білуі; қазіргі заманғы әдістемелер негізінде бейіналды және бейінді сынып оқушыларының өзбетімен және өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру, дамыту, түзету бағдарламаларын жасау және жобалау, инновациялық әдістерді бейімдеу және модификациялау таңдау туралы білімдерді меңгертетінін көрініп тұр.

Университет сайтында PLATONUS ақпараттық-бағдарламалық кешенінде пәндердің ПОӘК, элективті пәндер каталогы орналастырылған, оларды әрбір студент оқу процесінде пайдалана алатындығын тексердік. Білім беру бағдарламасының тиімділігіне әсер ететін көрсеткіштердің бірі оқытудың сапасы және студенттердің үлгерімі болып табылады (<http://www.sirdariya.kz>). БББ әзірлеуге төмендегі жұмыс берушілер қатысты: Дінтаев Ержан Жетісай қаласы Білім бөлімінің көркем еңбек және сызу пәні бойынша әдіскері, Ержанова Ұлмекен Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты технология пәні мұғалімі, Тәңірбергенова Қ. Ғ. Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінің «Технология және өнер» кафедрасының меңгерушісі енген (Хаттама №9. 19 сәуір 2019) (Қосымша 4). Бұл білім беру бағдарламасы оңтүстік өңірі үшін аса қажетті мәліметтердің бірі.

Түркістан облысындағы шалғайда орналасқан Жетісай ауданында халық тығыз орналасқан, жалпы 385 000 адам санынан тұрады, әр отбасында кем дегенде 12 баладан туылады екен. Аудандық білім беру жүйесінде жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік білім беру мекемелері өте көп, әрі бала саны тығыз орналасқан екен. Болашақта әлі де халық санының артатындығын еспке алатын болсақ, онда білім беру мекемелері үшін аталып отырған бағдарламаны аяқтаған мамандарға әлі де сұраныс артады.

Оқу жоспарына бітіруші курстың қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) енгізілген. Түлектердің біршамасы көркемдік-технологиялық білімі мен іскерліктерін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттері мен ойлауын дамытуға бағытталып, еңбекке баулу оқу материалдарына басым бейімделсе, оның нәтижеге бағытталған оқыту мақсаттарының жүйесі көркем еңбек және сызу оқу материалдары кеңінен қарастырыла қамтылғаны көрініп тұр. Сапа менеджменті жүйесі тиімділігінің мониторингі ішкі және сыртқы аудит арқылы жүзеге асырылады және сыртқы аудит қорытындысы бойынша университеттің сапа менеджменті жүйесі тиімді болып табылады. ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына толық сәйкес келеді, жұмыс берушілермен бірлескен жұмыс білім беру бағдарламаларының мазмұнын жүйелі түрде қайта қарау және түлектердің алатын құзыреттіліктерін еңбек нарығының ағымдағы және перспективалық талаптарына сәйкес келтіру мақсатында элективті пәндер каталогтарын жыл

сайын жаңарту арқылы көрсетілді. Бітірушілерді даярлау сапасы туралы қажеттілік пен пікірді зерделеу үшін барлық мүдделі тараптардың (білім алушылар мен жұмыс беруші кәсіпорындардың) өкілдеріне сауалнама жүргізіледі (ЖОО-да «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының ПОҚ-ның еңбекті ұйымдастыруға қанағаттану деңгейі - 97,18% (4,86 балл). ЖОО-да еңбек ұйымы ПОҚ-ның қанағаттануының барлық көрсеткіштерін бағалау 95% - дан жоғары көрсетілген).

Ұсыным:

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы негізгі жұмыс бағыттары бойынша оқу жылындағы мақсатты индикаторлардың орындалуына талдау жүргізуді қажет етеді. (оқу, оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу).

Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - Толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

Дәлелдемелер және талдау

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының негізгі мазмұны: педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыру және басқару білім алушылардың танымдық қызмет әдістерін белсенді меңгеру бағдары, білім берудің маңыздылығы білім беру процесінің білім алушы тұлғаға бағытталуы түрлі педагогикалық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағдай жасалғаны, педагогикалық қызметті педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс құру, кәсіптік оқыту бойынша білім берудің қазіргі талаптары және объективті заңдылықтары ескерілгені жеке кәсіби қызметін жоспарлағаны, еңбек нарығы мен ірі тауар өндірушілердің қажеттілігі негізінде қалыптасқанын және жұмыс берушілердің талабын сәйкес екендігіне көзіміз жетті.

Білім беру бағдарламасы университеттің білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту жөніндегі ішкі ережеге сәйкес әзірленгені және бекітілгенін байқадық.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 мамырдағы № 604 Қаулысымен бекітілген ҚР «Жоғары білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына» сәйкес құрастырылғаны, ол мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру үдерісі мазмұнын және жүзеге асыру технологиясын, дайындық (БББ) бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейді екен.

Кафедра жоғары білім БББтары шеңберінде, Ұлттық біліктілік аясында, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне үйлестірілген БББ өз бетінше әзірлеген. Құзыреттерге негізделген БББ жоғары кәсіптік білім беретін ҚР МЖМБС, салалық стандарттарға, кәсіптік стандарттарға, университеттің материалдық-техникалық базасына, арнайы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен қалыптасқан Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелеріне, жұмыс берушілердің, бітірушілердің талаптарына сәйкес дайындалғанын көрсетті.

Күндізгі оқу бөлімі бойынша академиялық күнтізбе оқу жылына жасалынады және 2 міндетті семестр (әрқайсысының ұзақтығы 15 апта академиялық кезең) мен 1 қосымша семестр (жазғы) қосылады. Қарызды жою үшін және оқу бағдарламасындағы айырмашылықтар, сонымен бірге ұзақтығы 6 апта қосымша және тездетілген оқудың (бітіруші курсты алып тастағанда) қажеттілігін қанағаттандыру үшін жазғы семестр және әр семестрдің соңында аралық аттестацияны тапсыру үшін емтихан сессиясы белгіленген, оның ұзақтығы бакалавриат үшін 3 аптадан кем емес.

Демалыс барлық білім алушылар үшін әрбір академиялық кезеңнен кейін беріледі және мұнда демалыс уақытының ұзақтығы оқу жылында 7 аптадан кем емес, күндізгі оқу түрінің бітіру курсына теориялық оқу үшін екі академиялық кезең (семестр) белгіленеді, бірінші кезеңде 8 апта, екінші кезеңде 10 апта, ал соңғы семестрде кәсіби іс-тәжірибенің барлық түрі, қорытынды мемлекеттік аттестация жоспарланып сессия нәтижесі шығады. 6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы Қазақстанның басқа да ұқсас бағдарламаларымен салыстырылған.

Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылу ережесі ҚР БҒМ-нің нормативті талаптары мен университеттің ішкі ережелеріне негізделіп жасаған. Білім беру бағдарламасын қалыптастыра отырып, факультет пен кафедра жоспарлау, әдістемелік қамтамасыз ету, оқыту технологияларына ғылыми негізделген тәсілдерді қолданады. БББ принципке негізделген 6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша модульдік БББ 2 негізгі бөлімнен тұрады: білім беру бағдарламасының паспорты және мазмұны жазылған (Қосымша 7).

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер ЖОО кейінгі (магистратура) білімді «Сырдария» университетінде және басқа ЖОО жалғастыруға мүмкіншіліктері бар екенін көрдік (<http://www.sirdariya.kz>).

Білім беру бағдарламасы ОӘК және ПОӘК толық қамтамасыз етілген. Онда талап етілетін құжаттардың барлығы талапқа сай рәсімделген. Оқытушылар дайындайтын пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары кафедраның мәжілісінде талқыланады, кафедра

меңгерушісі бекітеді. Бекітілген пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдар (<http://www.sirdariya.kz>). білім порталына жүктелген, студенттер өздерінің жеке кабинеттері бойынша танысады, оқу үдерісінде пайдаланады. Екінші және одан жоғары курс білімгерлері өздерінің жеке оқу жоспарын келесі курстарға толықтырады. Тіркелу әрбір студентке өз бетінше өзіне қажетті оқу траекториясын таңдауға мүмкіндік берілген.

Кредиттік технология бойынша оқитын студенттер уақытының 98%-ын сабаққа қатысуға, өзіндік жұмысқа 3-4 сағат, ОСӨЖ-ге аптасына 18 және одан көп, кітапханаға 2-4 сағат жұмсайтындығы айтылды. Бұл кредиттік технологияның тиімділігін көрсетеді.

Студенттің өзіндік жұмысы академиялық пән шеңберінде оқытушының жетекшілігімен аудиториялық және аудиториядан тыс уақытта орындалады екен, студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы (СОӨЖ) және студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ). Курстық, дипломдық және зерттеу жұмыстарына кестеге сай кеңес беріліп отырадығын көрсетті және курстық, дипломдық жұмыстар тақырыптары заманға сай қамтылғанын көрдік.

Оң тәжірибе:

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы Қазақстанның басқа да ұқсас бағдарламаларымен салыстырмалы талдау жүргізілген.

Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 3. СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Дәлелдемелер және талдау

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламаларына қабылдаған ЖОО-да білім алушылар оқу орнының ережелеріне сәйкес оқуға қабылдаудың, қабылдаған ЖОО-нан келген соң білім алушылар «Сырдария» университетінде оқу туралы транскриптті немесе болған елдегі оның аналогын және қаржылық есепті (ЖОО қаражаты есебінен оқыған жағдайда) ұсынған. Оқу туралы транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер енгізіледі: пәннің (модульдің) атауы, оқу ұзақтығы (жыл, семестр, триместр), оқу бағасы, игерілген академиялық кредит саны, транскрипт негізінде қазақстандық ECTS типі бойынша қайта есептеу жүйесіне сәйкес білім алушыға міндетті түрде кредиттерді қайта есептеу жүзеге асырылады. Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың толық көлемде игерілген және транскриптпен расталған оқу нәтижелері ЖОО міндетті түрде саналады.

Академиялық ұтқырлық туралы ереже (ішкі және сыртқы) университеттің

сайтында (<https://www.sirdariya.kz/node>) орналастырылғанын ашып қарадық.

Университет мобильділікті қалыптастыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған студенттердің үздіксіз өз бетімен білім алуын қамтамасыз етуді мақсат етеді және сол үшін максималды жағдайлар жасайды, оларды кейінгі процестерде жетілдіріп отырады. Білім беру бағдарламасы студенттердің үздіксіз білімді жетілдіру мен кәсіби ұтқырлықтың қалыптасуына бағытталғандығын көрдім. Университеттің арнайы сайты бар ([/www.sirdariya.kz](http://www.sirdariya.kz)), мұнда университет, білім беру бағдарламасы, бөлімшелер туралы жалпы ақпарат, хабарландырулар мен жаңалықтар беріледі. Ал «PLATONUS» ақпараттандырылған жүйесі бойынша студенттер ОӘК, күнтізбе, емтихан тапсыру кестесі және басқа да оқу үрдісіне қажетті құжаттармен қамтамасыз етілген. Әрбір студентке туындаған сұрақтары бойынша ректордың блогына жазуға және жауап алуға мүмкіндіктері бар екен.

Университетте қолданушыларға қызмет көрсетудің инновациялық моделі іске қосылғандығы, бағдарламалық қамсыздандыру ретінде «КАБИС» бағдарламасы қолданылады, ол 2 модуль ішінде барлық кітапханалардағы үрдіске қызмет көрсете алатындығын кітапхана меңгерушісі ашып көрсетті. «Комплекттеуші», «Катализатор», «Оқырман», «Кітаппен қамту», «Кітап беру», «Әкімшілік». Пайдаланушыларға заманауи анықтама – библиографиялық аппарат берілген: «Электронды каталог, мақалалардың электронды тізбесі, авторефераттар мен диссертациялардың электронды тізбесі». Каталогпен жұмыстың екі түрі жүргізіледі: электронды және дәстүрлі (карточкамен). Университеттің заманауи электронды деректер қорына, оның ішінде шетелдік Scopus, Thomson Reuters және т.б. дерекқорларына қол жеткізуге студенттер қалай пайдаланатындығын көрсетті.

Білім ерекшелігіне сәйкес ұлттық құндылықтардың дәріптелуін, маман бойына сіңіруін қадағалайтын этнопедагогикалық әдіснамалық ұстаным басты назарға қойылған. Сонымен қатар, кәсіби құзіреттіліктерді меңгеру үшін оқу үдерісінде тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту, рөлдік ойындар, топтық оқыту, бірлесе оқыту), оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері, жобалау әдістері, оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері, іскерлік ойындар, проблемалық модельдеу, тәжірибелік әдістер (жаттығулар, постер, кластер, буклет), сыни тұрғыдан кешенді талдау әдісі, «кейс-стади», джигсо әдісі, блум таксономиясы және т.б. әдістер қолданады екен.

Оқытушы білім беру барысында студентке қажетті құзыретті өз еркімен меңгеруі үшін білім беру үдерісін өзгерте отырып, инновациялық технологияларды кеңінен қолданады. Атап айтқанда, презентациялар, иллюстративті материалдар, көмекші сызбалар, кестелер, фильмдер және т.б. пайдаланады бірақ бейнежазба, роликтер толықтыруды қажет етеді.

Студентке орталықтандырылған білім беру бағдарламасын дамытудың тиімділігін арттырып, жетістікке жету мақсатында оқу үдерісіне үнемі бақылау жасалып, жұмыс оқу жоспарларына типтік оқу жоспарына сәйкес өзгеріс енгізілген. ПОҚ ғылыми еңбектеріне де сараптама жасалып,

кемшіліктер айтылып кафедра мәжілісінде талқыланады екен. Оқытушылар 3 жыл сайын профессор, доцент лауазымдарына жарияланған конкурсқа қатысып, соның негізінде іріктеледі, ПОҚ-ның кәсіби біліктілігін бақылау жүйесі ашық сабақтар, өзара сабаққа қатысу т.б. іс-шаралар негізінде жүзеге асады. ПОҚ білімін жетілдіру барысында осы бағытта оқытушылардың біліктілігін арттыру жұмыстары да жақсы жолға қойылған (ЖОО аралық республикалық, халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарлар мен тренингтерге қатысу, шетелдік профессорлардың дәрістеріне қатысу т.б.).

Академиялық талаптарды орындууы төмен студенттерге академиялық қолдау, білім алушыларға білім алу үдерісінде тікелей жеке (эдвайзерлер, тәлімгер-тьюторлар), кешенді және пәнаралық (деканаттар) қолдаулар көрсетіледі. Оқуға қабылданған сәттен бастап білім алушы кез келген уақытта тьютордан, кафедраның кез келген оқытушысынан, эдвайзердің, факультет деканы кейбір жағдайларда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты) білім алушыға емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады. Факультет деканына ауырғандығы, сәбидің дүниеге келуі, жақын туыстарының қайтыс болуы, қызметтік немесе оқу іс сапарында болуына байланысты жағдайларды растайтын анықтамаларды келген соң үш жұмыс күні ішінде тапсырылған жағдайда емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады. (Университеттің академиялық саясаты, 2018; (<http://www.sirdariya.kz>).

(Университеттің академиялық саясаты, <http://old.sirdariya.kz/doc/academ-sayasat.pdf>)

Тиісті пән бойынша үлгерімнің ағымдық және межелік бақылау қорытындысымен анықталатын рейтинг бағасы 30 балдан кем емес білім алушылар емтиханға автоматты түрде жіберілуі жүзеге асырылады;

Эдвайзерден, кафедра меңгерушісінен, деканнан және оның орынбасарынан көмек сұрай алады.

Студенттердің академиялық жетістіктері автоматтандырылған ақпараттық жүйе PLATONUS web-сайты арқылы жарияланып отырады. Әр студент жеке кабинеті арқылы өзінің білім дәрежесінің бағалану деңгейін бақылай алатындығын, білім сапасын мониторингілеу жүйесіне сәйкес ережесі бар. Мониторингтің әрбір түрі бойынша критерийлер мен нормативтер көрсетілген. Жыл сайын білім сапасын мониторингілеу және талдау бөлімі әр студенттің академиялық жетістіктеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отырадығын дәлелдеді.

Білімгер емтихан аяқталып, нәтижелерін алған соң техникалық себептерге (2 бірдей сұрақ, 2 бірдей жауап, тестілеу кезінде компьютердің уақытша істемей қалуы және т.б.) байланысты алған бағасымен келіспеген жағдайда студент автоматтандырылған жүйе арқылы апелляцияға шағым арыз бере алады, қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін білім алушы емтихан өткізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға береді. ЖОО басшысының бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) апелляцияланатын пәндер бейініне біліктілігі сәйкес келетін

оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның негізінде емтихан тізімдемесі құрылатындығын көрдік.

Студентті ауыстыру, оқуға қайта алу, академиялық демалыс беру, қабылдаудың негізгі шарты сияқты академиялық қағидаларды сақтау ережелері университеттің академиялық саясаты арқылы жүзеге асады (<http://www.sirdariya.kz>).

Университетте студенттердің сабақ сапасына қанағаттанарлығы жайлы әлеуметтік сауалнама алу дағдыға айналған екен, оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнамалар жүргізіліп, күшті және әлсіз жақтары, оқыту сапасына қанағаттанбау себебі анықталып талдау жүргізіліп отырады.

Оң тәжірибе:

Студенттерді академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға тарту бойынша жұмысты жандандырған.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Дәлелдемелер және талдау

6B01403 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» / 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» / 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша университетке қабылданатын білім алушыларға жағдай жасау, студенттер тартуды тұрақты түрде қамтамасыз ету халықаралық білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген құжаттар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың Типтік ережелерінің стандарты негізінде жүзеге асырылатындығына көзіміз жетті. Білім алушыларды жасақтауды қалыптастыру «Сырдария» университеті қабылдау комиссиясы арқылы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: қалалық және аудандық мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмысы, оқушылармен және колледж түлектерімен кәсіптік бағдар беру жұмысын жақсы жолға қойылған.

